



## «Сергек» туралы сегіз сауал

КОЛДЖ ҚИЯСАР-ЭАҚИРАЕВТІКІ

### 1. «Сергек» қандай ереже бұзушылықты тіркейді?

«Сергек» жылдамдықты асыру, бағдаршамның қызыл түсіне өту, жол белгілері талабын бұзу, қоғамдық көлік жолағына шығып кету сияқты «бұзықтықтарды» тіркейді. Белдік тақпау, рөлде отырып телефонмен сөйлесу сияқты ереже бұзушылықтарды «Сергек» тіркемейді.

### 2. «Сергек» өтірік нөмірді анықтай ма?

Анықтайды. Жалған нөмірмен жүретін көліктер базадан шықпайды. Сондай-ақ нөмірді балшық жағып, немесе басқалай жасырып қойса, (әрине, қар жауып қалса, барлық машинада кездесетін жағдай болмаса), ол күдікке ілігеді. Көлік нөмірі 20 метр жерден адамға көрінетіндей болуы тиіс.

### 3. «Сергек» салған айыппұлдар кімнің қалтасына түседі?

Әрине, жергілікті бюджетке түседі. Әкімшілікпен белгіленген кепілдендірілген сома бар. Одан асқаны ғана «Көркем Телеком» компаниясына түседі. Егер адамның бәрі ережемен жүретін болса, компанияның миссиясы аяқталар еді. Өкінішке қарай, бұл әзір мүмкін болмай тұр.

### 4. «Сергекке» түскенді қалай білуге болады? Хабарлама келе ме?

Бұған дейін камераға түскеніңіз туралы үйіңізге хабарлама жіберілетін еді. Ол өте жылдам тірлік болып шықты. Қазір бұл хабарламаларды СМС алмастырды. Осы жылдың басынан бастап жүргізушілерге ереже бұзғаны туралы СМС-хабарлама арқылы хабарлайды. Телефоныңызға СМС келмесе де жауапкершіліктен босатылмайсыз. Ереже бұзғаныңыз анық болса, міндетті түрде айыппұл төлеуге мәжбүрсіз. Жолда өзіңіз немесе бала-шағаңыз емін-еркін, қауіпсіздікте жүруін қаласаңыз, ереже

бұзбаңыз. «Сергек» те сізді бекер мазалауға құлықты емес.

### 5. «Сергек» шалт етсең болды, ереже бұзды деп тіркей бере ме? Мысалы, STOP сызығын мәжбүрлі түрде басуға тура келетін кездер болады дегендей...

Негізі, тек жылдамдықты асырудың ғана сылтауы болмайды. Ал басқа заң бұзушылықтарға мәжбүрлі болуы мүмкін. «Сергек» – адам емес, құрал. Оған берілген нұсқау бойынша ол барлық ереже бұзушылықты тіркейді. Бірақ айыппұл жазып беретін – полиция. Мысалы, сіз арнайы Кортёжге немесе «Жедел жәрдемге» жол беремін деп сызықты басып кетсеңіз, «Сергек» сізді «Ереже бұзды» деп тіркейді. Бірақ, шешімін шығаратын – полиция. Яғни, полиция қызметкерлері бейнебаянды (видеоны) қарап отырып, жүргізушінің жол ережесін бұзуға мәжбүрлі болғанын көрсе, айыппұл салмайды. Алайда, полиция қызметкерлері мұны ескермеген болса, айыппұл төлеу туралы СМС-ескертпе келсе, ондағы сілтемеге өтіп, көрсетілген нөмірге хабарласыңыз да, өзіңіздің жол ережесін мәжбүрліктен бұзғаныңызды айтасыз. Олар бейнебаянды (видеоларды) тексеріп, сіздің айтқаныңыздың рас екеніне көзі жетсе, айыппұл төлеуден босатады.

### 6. Полициялардың айыппұлдарды өшіруі парақорлық немесе сыбайластыққа ұласып кетпей ме?

«Сергектің» негізгі базасы прокуратурада орналасқан. Сондықтан мұндай сыбайластықтың соңы үлкен жауапкершілік екенін полициялар жақсы біледі. Базадан айыппұлды өшіру үшін полиция қызметкері міндетті түрде өзінің электронды қолтабасын қояды. Демек, «Өшірген мен емес» деп құтылуға мүмкіндік жоқ. Оның үстіне өшірудің өз индикаторлары бар, мысалы арнайы Кортёжге, Жедел жәрдемге немесе

өрт сөндіру көлігіне жол беру сияқты нұсқалар болады. «Сергек» жол-көлік оқиғасын екі жақтан бейнебаянға (видеоға) түсіреді, 2-3 суретке түсіреді. Соның бәрі бар бола тұра, оған Жедел жәрдем үшін ереже бұзды деп өтірік сылтаумен қол қою өз-өзіне жасалған қастандық болары даусыз. Ал ереже бұзған досым еді, балам еді, анам еді деген нұсқалар, әрине, базада жоқ.

### 7. Жаюу жүргіншілер жолақсыз жерден жолды қиып өтсе, «Сергек» түсіре ме?

Жоқ, түсірмейді. Елімізде жаюу жүргіншілердің құқығы ескеріле бермейді. Олар жаюу жүргіншілерге арналған жолақпен өтуі керек. Бірақ, көпшілік кез келген жерден жолды қиып, өтіп кете береді. Өйткені, оларға айналма жолмен жүру ыңғайсыз. Мысалы, кейбір елдерде адамдар өтуі мүмкін деген жерлерге арнайы ескерту орнатады. Ондай жерлерде жүргізушілер жылдамдығын бәсеңдетеді. Сондықтан біздің елде де жаюу жүргінші атып шығуы мүмкін деген жерлерді әр жүргізуші қаперінде ұстап жүргені дұрыс деп есептеймін. Яғни, жолда жүру кез келген адамға ыңғайлы әрі қауіпсіз болуы тиіс.

### 8. «Сергек» камералары тас жолдарда орнатыла ма?

Бұл қиын мәселе. Байқасақ, қаланың ішіндегі қозғалыста кейбір жүргізушілер бағдаршамның бірінен екіншісіне дейін 200 км/сағ жүретін кезі болады. Ал тас жолда мұндай шумахерлердің болатыны белгілі.

Демек, оны анықтау үшін әр шақырымға бір кешен орнату керек. Бұл үлкен шығын. Ал аз қоятын болсақ, адамдар бір камера орнын біліп алып, қатты келіп, сол жерге жақындағанда ғана жылдамдығын азайтады. Яғни, оның пайдасы шамалы.

ЖШС «Көркем Телеком»  
баспасөз қызметі



2-бет

### Бюджеттің басым емес шығыстарын қысқарту қаралады

Бұл туралы Үкімет отырысында Премьер-Министр Асқар Мамин айтты.



3-бет

### ІІМ-де жедел кеңес отырысы өтті

2020 жылдың 14 ақпан күні Ішкі істер министрінің бірінші орынбасары, полиция генерал-майоры Марат Қожаевтың төрағалығымен жедел кеңес жиыны өтті. Кеңесте ішкі істер органдары мамандандырылған күзет бөлімшелерінің 2019 жылғы жұмысы талқыға түсіп, қорытындыланды.



3-бет

### Қостанайлық батырдың отбасына барды

ІІМ өкілі 2011 жылғы қызметтік борышын өтеу барысында қаза тапқан қостанайлық батырдың отбасына барды, – деп хабарлайды Polisia.kz.



7-бет

### Иісшіл иттер

Әлемде 40 мыңға жуық түрлі мамандық бар. Оның әрқайсының өзіне тән ерекшелігі және қоғамға тигізер пайдасы болары хақ. Бүгін сондай жауапты әрі маңызды қызмет саласы жайлы сөз қозғаймыз. Тілге тиек, сөзге өзеке болатын тақырып кинология жайлы болмақ.

Үндістан

**ӘСКЕРИ ӘЙЕЛДЕР  
КӨБЕЙЕДІ**

Үндістанда әйелдер полковниктен бастап, одан да жоғары қызметтерге тағайындала алады.

Үндістанның жоғарғы соты әскерде қызмет ететін әйел адамдарға ерлермен қатар командалық қызметтерді атқаруға мүмкіндік берді.

Айта кетсек, полковник шеніндегі қызметкер 850 адамнан тұратын батальонды басқарады.

АҚШ

**КЛИМАТТЫ ҚОРҒАУҒА –  
10 МЛРД ДОЛЛАР**

Америкалық кәсіпкер климаттың өзгеруіне қарсы күреске 10 млрд доллар бөлді.



Әлемнің ең бай адамы әрі Амазон интернет-компаниясының негізін қалаушы Джефф Безос климаттың өзгеруіне қарсы күреске 10 миллиард доллар қаржы бөлді.

Кәсіпкер аталған соманы «Безостың Жер қорына» аударды. Бұл жайлы ол өзінің әлеуметтік желідегі парақшасында жариялады. Миллиарддердің айтуынша, климаттың өзгеруі планетаға төнген ең үлкен қауіптердің бірі. Сондықтан климаттың өзгеруіне кері әсер ететін факторлармен күресудің жаңа тәсілдерін зерделеу қажет. Осыған байланысты ол әлем елдерінің үкіметтерін, бизнес өкілдерін, халықаралық ұйымдарды климаттың өзгеруімен күресуге шақырды.

Өзбекстан

**797 КЕЛІ ЛАҒМАН ПІСІРДІ**

Өзбекстандық аспаздар лағман пісіруден рекордты жаңартты.



«Өзбекстандық аспаздар 797 келі лағман пісіріп, әлемдік рекордты жаңартты», – деп хабарлайды Өзбекстан ақпараттық агенттігі.

Мәскеуде 13-16 ақпан күндері III Халықаралық Мәдениет фестивалі өтіп, оған Өзбекстан, Қазақстан, Қырғызстан, Түркіменстан, Грузия, Ресей, Татарстан, Әзірбайжан және Дағыстаннан келген дәстүрлі өнер шеберлері қатысты. Айтулы шарада өзбекстандық аспаздар 797 келі лағман пісіріп, әлемдік рекордты жаңартты. Бұған дейінгі рекорд 687 келі болатын. Алматыдағы рекорд халықаралық рекордтар кітапшасына 2015 жылы тіркелген екен.

Гренландия

**ҚАР СУЫ САТЫЛАДЫ**

Гренландия қардың суын экспорттауды жоспарлап отыр.

Осы елдің Энергетика министрі Йесс Сване оны коммерциялық компанияларға өткізбекші. Әзірге 16 лицензия бар. Климат өзгерісінің салдарынан аймақтағы мұздар еріп жатыр. Оның соңы әлем бойынша су тапшылығына алып келеді.

Ұрымтал сәтті ұтымды пайдалануды көздеген билік экономиканы әртараптандыру үшін оны экспорттауға кіріскен. Себебі, нарықта сұраныс жоғары. Бүгінде Гренландия кірісінің 90 пайызы балық шаруашылығынан түседі.

**Бюджеттің басым емес  
шығыстарын қысқарту қаралады**

Бұл туралы Үкімет отырысында Премьер-Министр Асқар Мамин айтты.

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев басым емес бюджеттік шығыстарды қысқарту жөніндегі тапсырмасының орындалуы туралы есепті тыңдамақ.

«Биылғы жылдың сәуір айында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевқа басым емес бюджеттік шығыстарды қысқарту жөніндегі тапсырмасының орындалуы туралы баяндауымыз қажет. Республикалық бюджет бойынша шығыстар нақтылау кезінде қайта бөлінеді немесе оларды оңтайландыру бойынша тиісті жұмыс жүргізіледі», – деп атап өтті Үкімет басшысы.

Оның айтуынша, жергілікті бюджеттердің шығыстары бойынша әкімдіктер

бюджеттердің тиісті деңгейлеріндегі мәліхаттар арқылы осы шығыстарды қысқарту жөнінде шешім қабылдауы қажет.

«Ұлттық холдингтер мен компаниялардың басшылары Директорлар кеңестері мен басқарма отырыстарының аясында ұсынылған шығыстарды қысқарту жөнінде тиісті корпоративтік шешімдер қабылдауы керек. Қаржы министрлігі, әкімдіктер, ұлттық холдингтер Мемлекет басшысының тапсырмасының орындалуын бақылауға алуы тиіс», – деді Асқар Мамин.

Айта кетейік, Үкімет отырысында ҚР Премьер-Министрінің бірінші орынбасары – Қаржы министрі Әлихан Смайылов мемлекеттік және квазимемлекеттік сектор шығыстарын 128,6 млрд теңгеге қысқартыңдығын айтқан еді.

**Ауылды түлету көзделуде**

Қазақстанда 32 ауылды дамыту бағдарламасы дайындалып жатыр.

Бұл туралы Парламент Мәжілісінде аграрлық ғылымды, білім және өндірісті интеграциялау мәселелері бойынша отырыста Ұлттық аграрлық ғылыми білім беру орталығының басқарма төрағасы Төлеутай Рақымбеков мәлім етті.

«Біз жүзеге асыра бастаған тағы бір бастама бар. Мекемелеріміздің жартысы ауылдық аймақтарда орналасқан. Атап айтқанда, нақты 32 ауыл – қала құраушы санатына жатады. Біз дәл осы ғылыми ауылдарды дамыту бағдарламасын дайындауды бастап кеттік», – деді Төлеутай Рақымбеков.

Орталық басшысының айтуынша, бағдарлама аталған 32 ауылдағы әлеу-

меттік және инженерлік нысандарды жөндеуді, тұрғын үйлерді салуды, өзін-өзі жұмыспен қамтитын азаматтарға жағдай жасауды көздейді.

«Ол үшін «Нұрлы жер», «Ауыл – ел бесігі», «Еңбек» бағдарламалары мен АӨК саласын дамытуға қатысты мемлекеттік бағдарламалардың мүмкіндіктерін пайдалану көзделуде. Бұл бағыттағы қадам жас ғалымдардың ауылдарға деген қызығушылығын арттыра түседі. Осы мақсатта Үкіметте облыс әкімдіктері мен ауыл шаруашылығы министрлігі арасында меморандумға қол қою үшін отырыс өткізу жоспарланған. Бұл жоспар шеңберінде жұмысты бастап кеттік», – деді Төлеутай Рақымбеков.

**Боран соғады**

Еліміздің солтүстігінде боран күтілуде.

Нұр-Сұлтан қаласының Төтенше жағдайлар департаменті 18-19 ақпанда боран болатыны жөнінде ескерту жарияланғанын мәлімдейді.

«Оңтүстік-батыстан соғатын желдің жылдамдығы 23 м/с жетеді», деп хабарлайды қала әкімдігінің ресми сайты.

Төтенше жағдайлар департаменті Елорда тұрғындары мен қонақтарына қала сыртына шығудан бас тартып, сақ болуды, ауа райының өзгеруі және енгізілген шектеулер туралы ақпаратты қадағалауды ұсынады. Тас жолдардың жабылуы туралы ақпаратты «112» қызметінен SMS - хабарламалар арқылы, «Smart Astana» қосымшасынан білуге болады. Сондай-ақ енгізілген шектеулер туралы мәліметті «Darman» қосымшасынан бақылауға болады.

**Қосымша төлемақы  
төленеді**

Оның көлемі 625 мың 500 теңге көлемінде болуы мүмкін.



Сыртқы істер министрлігі «Қазақстанның дипломатиялық қызметі туралы» 2002 жылғы заңнаманы түзетін жаңа заң тұжырымдамасын әзірлеп шықты.

«Қазіргі кезде елдің бәсекеге қабілеттілігін арттыру мәселесі маңызды болып отыр. Оған реформаларды іске асыруға жәрдемдесе алатын және тиісті біліктілікке ие талантты әрі қабілетті азаматтарды мемлекеттік қызметке тарту арқылы қол жеткізуге болады. Қазақстанның 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарында білім экономикасына көп көңіл бөлінген. Осы міндетті орындау үшін және дипломатиялық қызмет ерекшеліктерін назарға ала отырып, жаңа заң жобасында Қазақстанның дипломатиялық қызмет органдарына жұмысқа орналасуға ниет білдірген азаматтарға шет тілін меңгеру жөніндегі міндетті талапты бекіту ұсынылады», – деп түсіндірді құжатта сыртқы саясат ведомствосы.

Бұдан бөлек, халықаралық ұйымдарда жұмыс істеген дипломатиялық қызмет персоналына СІМ-ге ешқандай конкурстық рәсімдерсіз жұмысқа тұруына кепілдік беретін норма көзделіп отыр.

Құжатта бюджеттен қаржылық шығын шығаруды қажет ететін бап бар. Ол бойынша дипломатиялық қызмет ардагерлеріне ай сайынғы ақшалай төлем белгілеу қарастырылған. Бұл «Оларды әлеуметтік қорғау үшін қажет» делінді.

**Электронды сауда  
артты**

Электронды коммерцияны дамытудың жол картасы қабылданды.

Быттыр еліміздегі электронды сауда нарығының көлемі 1,8 есеге өсіп, 700 млрд теңгеден асты. Ал электронды сауданың бөлшек саудадағы үлесі 3,7%-ға жетті. Үкімет отырысында сауда және интеграция министрі Бақыт Сұлтанов осылай деді. Министрдің мәлімдеуінше, ел аумағындағы интернет-дүкендерден сатып алу көлемі 422 млрд, халықаралық интернет-алаңдары бойынша жасалған сауда 280 млрд теңгені құрады. Смартфонмен сауда жасайтын қазақстандықтардың саны 65%-ға жақындады», – деді Бақыт Сұлтанов.

Оның сөзінше, былтыр электрондық коммерцияны дамытудың 2019-2025 жылдарға арналған жол картасы қабылданды. «Бұл құжаттағы шаралар үш бағыт бойынша құрылымдалған. Бірінші - электронды саудада экспортты арттыру. Екінші - отандық кәсіпкерлерді электрондық саудаға тарту және инфрақұрылымды дамыту. Үшінші - тұтынушылардың құқықтарын қорғау және электронды сауданы ілгерілету», – деді Бақыт Сұлтанов.

**Әл-Фарабидің 1150  
жылдығы тойланды**

Үндістанда әл-Фарабидің 1150 жылдығы аталып өтті.

17 ақпанда Қазақстанның Үндістандағы Елшілігінің қолдауымен Нью-Делиде Дж. Неру атындағы университетте Шығыстың көрнекті ойшылы Әбу Насыр әл-Фарабидің 1150 жылдығына арналған дөңгелек үстел өтті.

Қазақстанның Үндістандағы Елшісі Ерлан Әлімбаев өз сөзінде әл-Фарабидің мерейтойы UNESCO-ның атаулы күндер мен оқиғалар күнтізбесіне енгізілгенін және оны Делиде мерекелеу ұлы ғалымның Дүниежүзілік мұрасын зерттеуге және зерделеуге қуатты серпін беретінін атап өтті. Іс-шараға қатысқан әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің делегациясы қатысушыларды ғалымның өмірі мен еңбектерімен таныстырды.

Дөңгелек үстелде сөз сөйлеген жергілікті академиялық орта өкілдері және Үндістанның ғылыми орталықтары мен институттарының басшылары Әбу Насыр әл-Фараби мұрасының маңыздылығын атап өтіп, осындай шаралардың екі елдің мәдениетін жақындастыру үшін қажет екенін жеткізді.

Бұл іс-шара әл-Фарабидің 1150 жылдығына арналған Үндістандағы мерекелердің бастауы болды.

КЕЛЕЛІ КЕҢЕС

## ІІМ-де жедел кеңес отырысы өтті

2020 жылдың 14 ақпан күні Ішкі істер министрінің бірінші орынбасары, полиция генерал-майоры Марат Қожаевтың төрағалығымен жедел кеңес отырысы өтті. Кеңесте ішкі істер органдары мамандандырылған күзет бөлімшелерінің 2019 жылғы жұмысы талқыға түсіп, қорытындыланды.

**Інжу БАЛТАБЕКҚЫЗЫ**

Марат Шәдетханұлы кіріспе сөзінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлының «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің



ТАҒЫМ

## Ұлт мақтаншы ұлықталды



«Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығы қолбасшысының орынбасары, полковник Ниязтай Әлкешев бастаған делегация даңқты қолбасшы Бауыржан Момышұлының туған ауылына келіп, батыр ескерткішіне гүл шоқтарын қойды.

Жиынға Жуалы ауданының әкімі Нарбай Ергебеков қатысып, өткізіліп жатқан іс-шараның маңызын атап өтті. Өз сөзінде ол атақты Панфиловшылар дивизиясының құрамында батыр Баукеңнің ерлікпен шайқасып, Мәскеуді азат етуде керемет тактика қолданып, жанқиярлықпен ұрыс жүргізгенін айтты.

негізі» атты Жолдауының кейбір тұстарына тоқталып, құқық қорғау жүйесінің толыққанды реформасы, соның ішінде әкімшілік полиция комитетін қайта құру мәселесін атап өтті. Сондай-ақ, Ішкі істер министрінің бірінші орынбасары полицейлер жұмысының тиімділігі полиция қызметінің беделіне байланысты екенін баса айтты.

Жедел кеңесте сөз сөйлеген Әкімшілік полиция комитеті төрағасының орынбасары, полиция полковнигі Жанат Әбдірахманов Арнайы операциялар күштері бөлімшелерінің жедел-қызметтік іс-әрекетінің нәтижесі мен 2019 жылғы заңдылық пен тәртіптің жай-күйін баяндады.

Жанат Хамитұлы аса маңызды мемлекеттік және стратегиялық объектілердің инженерлік-техникалық нығайтылуын қамтамасыз ету барысындағы бөлімше басшыларының жүргізген жұмыстарын атап өтті. Со-

нымен қатар, ол шаруашылық жүргізуші субъектілерге Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған талаптарды орындамағаны үшін қолданылған әкімшілік заң нормаларына тоқталды.

Жиын барысында кадр қызметіне байланысты мәселелер де назардан тыс қалған жоқ.

Айта кетерлігі, жедел кеңесте ІІО күзет қызметінің жекелеген бөлімшелерінің бастықтары да есеп берді. Олар өздеріне қарасты бөлімшелердің қызметтік іс-әрекетінің нәтижелерін, объектілерді күзету және құқық бұзушылықтың алдын алу барысындағы жұмыстарын баяндады.

Кеңесті қорытындылай келе, Марат Шәдетханұлы ІІО мамандандырылған күзет бөлімшелерінің 2020 жылға арналған басым міндеттерін анықтады.

Суреттерді түсірген **Медет ӘШІРБЕКОВ**

ТАҒЫМ

## Қостанайлық батырдың отбасына барды

ІІМ өкілі 2011 жылы қызметтік борышын өтеу барысында қаза тапқан қостанайлық батырдың отбасына барды, – деп хабарлайды Polisia.kz.

ҚР ІІМ Кадр саясаты департаментінің бастығы Айдар Сайтбеков қызметтік міндеттерін атқару кезінде қаза тапқан Медет Досымхановтың отбасына барып, қазіргі заманғы полиция фронт-кеңесінің қалай жұмыс істейтінін көрді. Қостанай облысы Таран аудандық полиция бөлімшесі криминалдық полиция бөлімінің бастығы Медет Досымханов 2011 жылы қызметтік борышын атқару кезінде қайтыс болған болатын. Медеттің артында әйелі Инна мен екі қызы Дина мен Алина қалған болатын. Дина Ө.Сұлтанғазин атындағы ҚМПУ-дың екінші курс студенті, ал Алина оныншы сыныпта оқиды. Қыздар ІІІ дәрежелі «Айбын» орденін алған марқұм әкесін мақтан тұтады.

– Біз қызметтік борышты атқару кезінде қаза тапқан әріптестерімізді ешқашан ұмытпаймыз. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан бері республикада 700-ден астам полиция қызметкері қызметтік борышын орындау кезінде қаза тапты. Оның ішінде Қостанай облысында – 42 қызметкер. Ішкі істер министрлігі көмек пен қолдау көрсетуде, – деп атап өтті полиция полковнигі Айдар Сайтбеков.

ҚҰРМЕТ

## Айбыны асқақ ардагерлер

15 ақпан ауған соғысының аяқталғанына 31 жыл толды. Сол уақыттан бері қаншама уақыт өтсе де, соғыстың дәмін татып, Ауған жерінің топырағын басқан бозбалалар майдан даласын ұмытқан емес. 1979 жылы енді ғана 18-ге толған сарбаздар атақ-абырой үшін емес, ел тыныштығын қорғап, соғыс өртінен өшіріміз деген ниетпен қанды қырғынның ортасына аттанды. Бүгінде сол жас өрендер – ауған соғысының ардагерлері. Олардың ерлігін ұлықтау мақсатында Ішкі істер министрлігінде мерекелік концерт өтті.

**Інжу БАЛТАБЕКҚЫЗЫ**

Шараның мақсаты – ауған соғысында мерт болған сарбаздар мен жауынгерлік іс-қимылдарға қатысушылардың рухына тағзым ету және сол соғыстың ардагерлеріне құрмет көрсету.

Салтанатты шараға ауған соғысының ардагерлері және Ішкі істер органдарының қызметкерлері қатысты. Жиын барысында Ішкі істер органдарының бірқатар ардагері Ішкі істер министрі Ерлан Тұрғымбаевтың Алғыс хатымен марапатталды. ІІО-ның жұмысын ұйымдастыруға белсене атсалысқан және жас мамандарды қазақстандық патриотизм рухында тәрбиелеген майталмандарды ҚР Ішкі істер органдары мен Ұлттық ұлан ардагерлері кеңесінің төрағасы, милиция генерал-майоры Өмірзақ Болсамбеков пен ІІМ кадр саясаты департаменті бастығының орынбасары, полиция полковнигі Бақытжан Бейсеев марапаттап, ақ жарма тілектерін арнады.

«Құрметті ауған соғысының ардагерлері, әріптестері! Дана халқымыздың «Өткенді еске алу – өскендіктің белгісі» деген нақыл сөзі бар. Біз де бүгін жиналып, майдан даласында қаза болған отандастарымыздың қайсарлығын еске алып отырмыз. Ауған соғысына 22 мыңға жуық қазақстандық аттанып, интернационалды борыштарын өтеді. Олардың бірі туған жерге оралса, бірі оралмады. Бүгінгі жиынның мақсаты да сол – оларға алғысымызды айтып, ерлігін ұмытпау. Залда жиналған барлық ауған соғысының ардагері еске алу ұрпаққа, ІІО-ның қызметкерлеріне үлгі болып табылады. Алдағы уақытта мұндай сұрапыл соғыс еш жерде болмаса екен дейміз. Еліміз тыныш, жұрты-

Балалардың ата-аналарының кәсіби жолын жалғастырғаны маңызды. Осылайша полиция ұрпақтарының сабақтастығы жалғасуда.

– Біз әрқашан полиция қызметкерлерінің отбасыларына көмектесуге дайынбыз. Сонымен қатар балалар әкелерінің жолын жалғастырғысы келсе, біз міндетті түрде көмектесеміз, – деп атап өтті Қостанай облысы Полиция департаменті бастығының орынбасары Ардақ Ынтықбаев.

Медетті еске алу үшін полиция департаментінде футболдан жыл сайын спорттық турнир өткізіледі. Айдар Сайтбеков қазіргі заманғы полиция фронт-кеңесіне барды. Дәл осы жерде ведомствоның бірінші басшыларымен азаматтарды қабылдау жүргізіледі, тікелей эфир өткізіледі. Онда азаматтар өздеріне қажетті ақпаратты ала алады. ҚР ІІМ Кадр саясаты департаментінің бастығы Айдар Сайтбеков Ш.Қабылбаев атындағы ҚР ІІМ академиясындағы «Полиция қызметінің қазіргі заманғы аспектілері» тренингіне оқытушы ретінде қатысты. Семинар академия оқытушылары үшін өткізілді.

мыз аман болсын!», – деді Өмірзақ Қоспанұлы.

Салтанатты шара барысында құлақ құрышын қандыратын әуезді ән мен құлақтан кіріп, бойды алар әсем әуен сахнаның сәнін келтірді. Әскери сарындағы ырғақты әндерді жиналған қауым қосылып шырқады.

Сонымен қатар, төрге жайғасқан ардагерлер өткенге көз тастап, майдан даласындағы естеліктерін ортаға салды.

«Әскери борышымды өтеу мақсатында Карпат әскери округынан Ауған Республикасына аттандым. Ұрыс алаңына келіп, взвод командирі міндетін атқардым. Ол батальон Тейль Стан қаласында орналасқан болатын. 1988 жылдың мамыр айында кеңес әскерінің майдан даласынан шығарылуының бірінші кезеңі басталды. Техника мен жауынгерлер өз күштерімен үлкен ара қашықтыққа жолға шықты. Көліктер бұзылып, істен шығып жатты. Біздің міндет олардың дйттеген жерге уақытлы жетуін қамтамасыз ету болды. Техника көбінесе түнде тұрақ алаңына жеткізіліп, таң атысымен жолға шығатын. Бір қарағанда оңай болып көрінеді. Бірақ әскерилер мен техникадан жасақталған колонна бірінен соң бірі келіп жатты. Батальон күндіз-түні жұмыс істеді. Бұл қарқын бірнеше айға созылған болатын. Жүктелген міндетті сарбаздар уақытлы әрі сапалы орындады. Шайқас алаңында барлығы бір мақсатты көздеді ғой. Ол – жеңіс. Сондықтан да бір жағадан – бас, бір жеңнен қол шығарып қызмет еттік», – деп еске алды ауған соғысының ардагері Анатолий Степанович.

Иә, болашаққа нық қадам басу үшін өткенімізді өшірмей, ерлігімізді жәдігердей сақтауымыз керек. Ардагерлердің қатысуымен өткен бұл іс-шара да бұл мақсатты көздейтіні анық.







# Ел күзетіндегі 100 жыл



«Төл тарихын білетін, бағалайтын және мақтан ететін халықтың болашағы зор болады деп сенемін!» деп Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев айтқандай, біздің ішкі істер саласында сала тарихына аса құрметпен қарайтынын байқауға болады. Бүгін өңірлерге берген кезімізде әрбір Полиция департаментінің мұражайын аралап, көзіміз жетіп жүр. Бұл мұражайларды – ерлік пен патриотизмнің шежіресі деуге болады. Жайық өңіріне сапарымызда Атырау облыстық Полиция департаментінің музейінде болып, оны 2000 жылдары өзі құрып, қалыптасып, дамуына атсалысқан, әрі бүгінде меңгерушісі болып отырған, тарихшы, этнограф, музейтанушы, қаламгер, Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі Ерсайын Өмірөвпен сұхбаттасқан едік. Ерсайын ағамыз өмір бойы өлкетану саласында қажырлы еңбек етіп келе жатқан мұрағат және мұражай ісінің майталман маманы.



– Ерсайын Құмарұлы, биыл сіздің мұражайдың ашылғанына 20 жыл толып отыр екен. Ал өңірдегі полиция тарихына бір ғасыр. Ендеше, бұл екі дата бірін бірі толықтырып тұрған меже десе болады. Ендеше, бәрін басынан бастап айтып берсеңіз?

– Биыл Атырау өңірінде ішкі істер органдарының құрылғанына 100 жыл толып отыр. Сол кезеңдерде Гурьев уезі деп аталған әкімшілік аумақта милиция мекемесі 1920 жылдың қаңтар айынан бастап құрылған болатын. Орал губерниялық милиция басқармасының 10 қаңтардағы №2 бұйрығына сәйкес Гурьев уездік милициясын құру жұмыстары жүргізіліп, жер-жерде ұйымдастыру шаралары қолға алынды. Осылайша, бүгінгі Атырау облысының Полиция департаментінің тарихы 1920 жылғы қаңтар айында Гурьев уездік Кеңестік милиция басқармасы ретінде басталды. Алғашқы уақытта уездік милиция аппаратының штаттық құрылымында жиырмадан астам адам еңбек етті. 12 милиционер, 8 кеңсе қызметкері, 1 курьер қызмет атқарған басқармада әкімшілік шаруашылық, қылмыстық іздестіру, өнеркәсіптік милиция бөлімдері мен әдрестік бөлімше болды. Кеңестік милиция басқармасының алғашқы бастығы болып Қурлянд Генрих тағайындалды. Қоғамдық тәртіпті сақтау барысында жаңадан құрылған милиция мекемесінің атқарар міндеті орасан зор еді.

Енді осы тарихты түгендеуде алтын сандыққа айналған Атырау облысы ішкі істер органдарының тарихына арналған музейге келеді. Оның ашылуына сол кездегі басшылардың бастамасы себепші болды. Солардың маған қолқа салуымен осындай ізгілікті істі қолға алдым. Оны ашу үшін жеті-сегіз айдай ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізілді. Өзім бастан-аяқ жүріп, тыңнан түрен салып, көптеген архивтерді ақтардым. Соның нәтижесінде 2000 жылғы маусым айының 8-і күні осы мұражай ашылды. Биыл

музейдің ашылып, жұмыс жасағанына 20 жыл болып отыр. Осынау жылдар ішінде музейде көптеген жұмыстар атқарылды. 2000 жылы музейдің ашылуы, облыс көлемінде Ішкі істер органдары тарихының зерттелуіне, жинақталуына жол ашты. Атырау облысы ішкі істер органдарының бір ғасыр деңгейіндегі бай тарихы бар. Бұрын еш уақытта зерттелмеген ішкі істер органдарының тарихы 2000 жылдан бастап жан-жақты зерттеліп, жарыққа шықты.

Музей экспозициясы ішкі істер органдарының алғашқы құрылу кезеңдерінен басталады. Музей экспозициясындағы тарихи кешендерде ішкі істер саласының бір ғасыр деңгейіндегі тарихи қамтылған. Айта кету керек, 2020 жылы Атырау облысында Ішкі істер органдарының құрылғанына бір ғасыр, яғни 100 жыл болады. Атырау облысында Ішкі істер органдарының құрылуы, архивтегі заңды құжаттар бойынша 1920 жылғы қаңтар айынан бастау алады.

Осынау бір ғасыр межесіндегі уақыт ішінде облыстық ішкі істер органдары бірқатар тарихи кезеңдерден өтті. Өткен ғасырдың аласапыран кезеңінде құрылған ішкі істер органдары қоғамның ішкі тыныштығын, мемлекет заңдарының талап деңгейінде орындалуын қадағалап келеді.

Музей экспозициясы Атырау облысында ішкі істер органдарының алғашқы құрылу сәтін бейнелейтін архивтік тарихи құжаттардан басталады. Бандыларға қарсы күрес жылдарында ерлікпен қаза тапқан милицияның алғашқы ержүрек ба-

тырлары туралы деректер келтірілген. Сонымен қатар бастапқы экспозицияда ішкі істер органдарының тарихи жылнамасы берілген. Тарихи жылнаманың музей экспозициясынан көрініс табуының өзіндік ерекшеліктері бар. Музей көрермені тарихи жылнамадан, еліміздегі ішкі істер органдары туралы жан-жақты мәлімет ала алады.

– Осы алғашқы жылдар туралы кеңірек айта кетсеңіз?

– Атырау полициясы содан бері көптеген тарихи кезеңдерді бастан өткізді. Күреске толы қым-қуыт уақыттың тайқазанында қайнап,



шыңдалды. Өткен ғасырдың 20-30 жылдары ел ішінде бас көтерген бандылар тобы бейбіт халықты қасіретке ұшыратып, дүние-мүлкін тонап, малдарын айдап кетіп отырды. Ел ішіндегі жаңа өкіметке қарсы бай-кулақтармен, басқа да элементтермен ымыраласқан бандылық топтар, жаңа құрылып жатқан үкімет мекемелеріне шабуыл жасап, белсенді қызмет жасап жүрген коммунистер мен комсомолдарды өлтіріп кететін жағдайлар да жиі болатын. Мемлекеттің ішкі саяси әлеуметтік жағдайына көлеңке түсіріп, айтарлықтай нұқсан келтіретін. Барымташылар мен бандылық топтарға қарсы күресті қатаң түрде жүргізу үнемі күн тәртібінде тұрды.

Бандиттік топтарға қарсы күрестің арнайы шаралары жасақталды. Гурьев қаласын бандылардың басып алуынан қорғау, сондай-ақ уезд көлеміндегі банды топтарын біржолата жойып талқандау мақсатында, уездік партия комитетінің 1921 жылы 3 сәуірдегі жиналысында қабылданған шешімге сәйкес Уездік әскери революциялық комитет құрылды. Жергілікті жердегі үкіметтік атқару органдарының билігі уақытша осы комитетке

берілді. Уездік партия комитетінің шешіміне сәйкес Гурьев қаласы қоршаудағы қала болып есептеледі. Қаланы бандылық топтардың шабуылынан қорғау мақсатында шұғыл түрдегі жедел шаралар алынды. Қала көшелерінде жүріп тұруға таңертеңгі сегізден кешкі сегізге дейін ғана рұқсат етілді. Тәулік ішіндегі осы көрсетілген сағаттардан басқа уақыттарда қала көшелерінде жүру Ревкомның арнайы рұқсат қағазымен ғана жүзеге асырылатын болды. Қала тұрғындарынан қолындағы қару-жарақтарды үш күн мерзім ішінде тапсыру талап етілді. Осы үш күн ішінде қаруларын тапсырмаған адамдар әскери трибунал бойынша сотқа тартылатындығы ескертілді. Сонымен қатар қала тұрғындарынан орынсыз үрей, даңғазға туғызбау, тыныштық сақтау, мемлекет мекемелерінде қызмет тәртібін бұзбау талап етілді. Бандыларға қарсы күрес жалпыхалықтық сипат алды. Гурьев қаласын бандылардан қорғау үшін арнайы баррикадалар тұрғызылды. Қаланы бандылардан қорғап қалудың басқа да барлық шаралары қолға алынды.

Осы аласапыран жылдарда көптеген милиция қызметкерлері ерліктің, бағырлықтың үлгісін көрсетті. Ел тағдыры сынға түскен осынау ішкі, сыртқы жаулармен күрес жылдарында Отанын шын сүйе білген патриоттардың тарихи шежіресі жазылды. Гурьев уезінде 1920 жылдан бастап етек алған бандылар тобы кейін қауіпті күшке айналды. Жайық бойындағы елді мекендерде бандылар өздерінің тірек пункттерін орнатты. Сондай тірек пункттердің бірі – Топайлы селосы болды. Топайлы селосында бандылардың жасырын қару-жарақ қоймалары, тыңшылары мен жансыздары болды.

– Әрине, бір сұхбатымызда бір өңірдің тұтастай тарихын қамти алмаспыз. Әйтсе де, мұражайдың ең негізгі бөлімдеріне тоқтала кетсеңіз?

– Музей экспозициясындағы басты бөлімдердің бірі – облыстық ішкі істер органдарының басшылық қызметінде болған азаматтар туралы айта кетер едім. Басшылық қыз-

қаса тапқандар» бөлімі. Бұл бөлімдегі ержүрек азаматтардың ерлігі сонау өткен ғасырдың жиырма-сыншы жылдарынан басталады. Бұлардың әрқайсының өмірбаяны ерлікке, шынайы патриоттық сезімге толы. Бандылармен шайқас жылдарында ерлікпен қаза тапқандар – Мұхамбетқали Сартов пен Өмір Шыңғысов. Бұлар мемлекеттің ішкі тыныштығын, милиция қызметкерлерінің ар-ожданын, абыройын өздерінің өмірлерінен жоғары қойған патриоттар. Тынбай зерттеу нәтижесінде 2018 жылдың шілде айында милиционер Өмір Шыңғысов бастаған милиция отрядының жерленген жері анықталды. Жеті милиционер бір жерге жерленген екен. Ержүрек милиционерлердің зираты қазіргі Махамбет ауданының жерінде орналасқан.

Ішкі істер органдарының тарихына арналған музейдегі басты экспозициялардың ендігі бірі Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне арналған. Бұл экспозициялық бөлім бірнеше тарихи кешеннен тұрады. Ұлы Отан соғысынан аман-есен оралған жас жігіттер ішкі істер органдарына жұмысқа тұрады. Қан майданда неміс-фашист басқыншыларымен соғысқан жас жауынгерлер ішкі істер саласында қызмет жасай жүріп, қылмыскерлер мен заң бұзушылармен күреседі. Соғыс ардагерлерінің ішкі істер саласындағы еңбек жолын кейін олардың ұрпақтары жалғастырды.

– Ұлы Отан соғысы кезіндегі өңірдегі ішкі істер органдарының тарихын айтпай кетуге болмайтын секілді. Осы реттегі тарихи бір оқиғаны айта кетіңізші.

– Өңір милициясының қалыптасып, даму тарихындағы биік белестердің бірі Ұлы Отан соғысы жылдары болатын. Сұрапыл жылдарда ішкі істер саласының қызметкерлеріне, ел ішіндегі заң бұзушылыққа, қылмысқа, ұрлық-қарлыққа, сонымен қатар, сыртқы жауларға, неміс фашист басқыншыларының жансыздарына, тыңшыларға, арандатушыларға қарсы ымырасыз, күндіз-түні талмастан күрес жүргізуге тура келді. Халқымыздың басына сын сағаттар туған заманда милиция жауынгерлері өздерінің міндеттерін абыроймен адал атқарды.

Атырау облысы мұнай кәсіпшіліктері соғыс жылдары еселі еңбек етті. Ембі мұнайының маңызы соғыс кезінде ерекше жоғары болды. Бүкіл соғыс техникалары, самолеттер мен танкілер, әскери флоттың кемелері, майдан даласындағы, тылдағы автокөліктер мен теміржол көлігі, зауыттар мен фабрикалар Ембі мұнайы мен мұнай өнімдерін үлкен сұраныспен пайдаланды.



метте болған азаматтар жөніндегі тарихи кешен екі бөлімнен тұрады. Атырау облысының ішкі істер органдарында басшылық қызметте болған азаматтардың бірқатары ішкі істер министрлігіне еңбек сіңірген, белгілі танымал азаматтар.

Экспозициядағы негізгі бөлімдердің тағы бірі – «Қызмет бабында

Ембі мұнайының әрбір тамшысы, әрбір тоннасы фашистік басқыншыларға ауыр соққы болып тиіп отырды. Сол себептен де мұнай өндіру жұмыстары мемлекеттің тікелей қадағалауында болды. Облысымыздың мұнайлы аймағына неміс фашистері 1944 жылы мамыр айының 2-сі күні түнде диверсант



